



Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Қыркүйек 2020 жыл

Сурет: Владислав Воднев



A black and white photograph of an industrial facility, likely a refinery or chemical plant. The image shows a complex network of large, horizontal pipes and vertical stacks. In the lower-left corner, a round analog clock is visible on a wall. The overall scene is industrial and somewhat abstract due to the perspective and lighting.

Мазмұны

01

Іріктеме туралы ақпарат

02

Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі
экономика бойынша

03

Секторлар бойынша Іскерлік
белсенділік индексі

04

Іскерлік белсенділік индексі
Қазақстан аймақтары бойынша


05

Басқа мемлекеттердің
PMI индексі

06

Бизнес-ахуал индексі


2020 жылғы қыркүйектағы респонденттердің саны – **450 кәсіпорын**.



- *Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*



Респондент-кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы






02

**Экономика
бойынша іскерлік
белсенділік
индексі (ІБИ)**

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



2020 жылғы қыркүйек айында 450 кәсіпорында жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша **іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)** 2,2 тармаққа өсіп **47,6** құрады (тамыз айында - **45,4**). Индекс әлі 50-ден төмен, алайда экономикалық қызметте біртіндеп қалпына келу байқалады.

Салалар аясында іскерлік белсенділік индексі құрылыс саласында 5,5 тармаққа (**49,1**) және қызмет көрсету саласында 3,1 тармаққа (**47,3**) өсті. Өнеркәсіп 0,5 тармаққа төмендеді (**47,8**).

* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.



Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні



Экономика бойынша
ІБИ
47,6



Құрылыс секторы
бойынша ІБИ
49,1



Қызмет көрсету секторы
бойынша ІБИ
47,3




Өнеркәсіп секторы
бойынша ІБИ
47,8



03

Секторлар
бойынша іскерлік
белсенділік
индексі (ІБИ)

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



2020 жылдың қыркүйек айында индекстің ең үлкен өсімі **құрылыс** саласында байқалды, мұнда индекстің барлық құрамдас бөліктері едәуір жақсарды.

Қызмет көрсету саласында барлық көрсеткіштердің жоғары деңгейлері де іскерлік белсенділік индексінің өсуіне ықпал етті.

Алайда, **өнеркәсіп** саласында жаңа тауарлар, жаңа тапсырыстар мен тауарлық-материалдық құндылықтар санының азаюына байланысты индекс төмендеді.

* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.



Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ

Тауарлық-материалдық қорлар

Жаңа өнім

Жеткізу мерзімі

Жұмыспен қамту деңгейі

Жаңа тапсырыстар


Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ


Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

04

2020 жылғы қыркүйектағы аймақтар бойынша ІБИ



2020 жылдың тамыз-қыркүйектағы ІБИ динамикасы




2020 жылдың қыркүйек айында Қазақстан аймақтары тұрғысынан кәсіпкерлік белсенділік индексінің айтарлықтай жақсаруы Ақмола облысында 10,9 тармаққа **(52,4-ке дейін)**, Нұр-Сұлтан қаласында 8,6 тармаққа **(49,9)** және Шығыс Қазақстан облысында 5,4 тармаққа **(49.1)** байқалды. Бұл ретте индекс Алматы облысында 10,9 тармаққа **(45,5)** және Қызылорда облысында 5,7 тармаққа **(45,1)** төмендеді.



05

**Басқа
мемлекеттердің
РМІ индексі**

Басқа мемлекеттердің PMI индексі



09.10.2020ж. мәліметтер

Дереккөз: G20 елдер шеңберіндегі өнеркәсіп саласындағы PMI


<https://tradingeconomics.com/forecast/manufacturing-pmi?continent=g20>, Қазақстан бойынша ІБИ



06

**Бизнес-ахуал
индексі (БАИ)**

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)



Кәсіпкерлік орта айтарлықтай жақсарды және Қазақстанның нақты секторындағы кәсіпорындар үшін онша қиын болмады. Қазақстан экономикасы үшін бизнес ахуал индексі (БАИ) қыркүйек айында теріс аймақта ұзақ уақыт болғаннан кейін оң жазықтыққа айналып, 2,0 құрады, тамыз айында бұл көрсеткіш (-) 3,0 болды.

Салалар жағдайында барлық салаларда БАИ жақсарады. Атап айтқанда, қызмет көрсету және құрылыс секторлары теріс аймақтан шығып, сәйкесінше 8 тармаққа (3,8) және 6,6 тармаққа (1,0) өсті. Өнеркәсіптік сектордағы БАИ да жақсарып, 3,2 құрады.

2020 жылдың қыркүйек айында сауалнамаға қатысушылардың ағымдағы жағдайларын бағалау айтарлықтай жақсарды, (-) 0,5 құрады. Сонымен бірге, нақты сектор кәсіпорындарының 2020 жылғы қазан айына арналған бизнес-күтулері 4,5 құрады.

**Бизнес-ахуал индексі ағымдағы айдағы және келесі айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң немесе теріс жауаптардың арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. Кәсіпорындар қаржы / несие, инфрақұрылым, құқықтық мәселелер, салық ауыртпалығы, тексерулер, айыппұлдар және т.б. жағдайларды бағалайды.*



Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптардың жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Бизнес - ахуал индексін есептеу үшін жауаптар балансы қолданылады. Жауаптар балансы ағымдағы айдағы және болашақ айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгерістері жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық.

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖБ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖБ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

ЖБ – жауаптар балансы

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

** CESifo (Германия) бизнес - ахуалды бағалау әдіснамасына сәйкес*

Ақша – кредит саясаты департаменті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ